

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

«Alikhan Bokeihan University» білім беру мекемесі

**Жалпы орта білім беру ұйымдарының химия мұғалімдерін оқытуға арналған «Химия сабақтарында күрделіленген есептерді шешу жолдары мен интерактивті білім беру» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына
САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы «Химия сабақтарында күрделіленген есептерді шешу жолдары мен интерактивті білім беру» (бұдан әрі - Бағдарлама) мұғалімдерді (бұдан әрі – тыңдаушылар) оқытуға арналған жалпы орта білім беру ұйымдарының 7-11 сынып аралығындағы «Химия» пәні бойынша қарастырылады.

Бағдарлама тыңдаушылардың кәсіби деңгейін арттыруға, интерактивті оқытуды қолдану арқылы оқушыларды олимпиадаға даярлау үшін химия мұғалімдерінің құзыреттілігі мен оқу іс-әрекеттерін қалыптасыруға бағытталған.

Жалпы ережелер бөліміндегі глоссарий бағдарламаның тақырыбына сәйкес құрастырылған. Бағдарламаның өзектілігі, мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері бағдарламаның тақырыбына сай дұрыс құрылымдалған. Күрделі химиялық есептерді шешу әдістерін меңгеру Бағдарлама аясында мұғалімдерге олимпиадалық есептердің негізгі түрлері (стехиометрия, термодинамика, кинетика, электрохимия, органикалық синтез, аналитикалық әдістер) бойынша жүйелі шешу тәсілдері ұсынатыны аталып өтілген.

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны бөлімінде 3 модульде қарастырылатын мәселелер толық ашылып көрсетілген. 1-модуль «Қазіргі заманауи химия білімінің әдіснамалық негіздері», 2-модуль Химиядан күрделі есептерді, соның ішінде олимпиадалық есептерді шешудің негізгі әдістері», 3-модуль «Химия сабақтарында заманауи технологиялар мен интерактивті әдістерді қолдану» бөлімдерін қарастырады. Бағдарламаның ерекшелігі - оқушыларды олимпиадаларға дайындау және күрделі есептерді шешуге үйрету мұғалімдердің жоғары әдістемелік дайындық пен заманауи оқыту технологияларын игеруді қамтамасыз ететіндігі.

Сараптамалық қорытынды:

Жалпы орта білім беру ұйымдарының химия мұғалімдерін оқытуға арналған «Химия сабақтарында күрделіленген есептерді шешу жолдары мен интерактивті білім беру» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасына **келісу ұсынылады.** (Негіздеме: 23.04.2025 ж. № 9 хаттама).

Образовательную программу «Интерактивное обучение и пути решения сложных задач на уроках химии» для обучения учителей химии организаций среднего общего образования, рекомендуется к согласованию (основание: протокол № 9 от 23.04.2025 г.).

Сараптамалық кеңес мүшесі

